

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 27 маусым

2019 жылдың 1 маусымына қарай БЖЗК-ның негізгі көрсеткіштері

Зейнетақы активтері табыстылығының жылдық көрсеткіші инфляция деңгейінен екі есе жоғары.

2019 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 9,9 трлн теңгені құрап, жыл басынан бері 517 млрд теңгеге немесе 6 пайызға өсті. 2018 жылдың 1 маусымынан бері бұл сома 1,6 трлн теңгеге немесе 20 пайызға ұлғайды. Бұл ретте биылғы жылдың 5 айы ішінде зейнетақы жинақтарының міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан негізгі үлесі 5 пайызға немесе 497 млрд теңгеге, ал міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптасқан үлесі 10 пайызға немесе 19 млрд теңгеге артты.

Салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны соңғы 12 айда 3 пайызға немесе 304 мың бірлікке артып, 1 маусымға қарай 10,5 млн бірлікті құрады. Оның 95 пайызы (9,9 млн) – міндетті зейнетақы жарналары есебінен ашылған шоттар. Бұлардың ішінде 0,4 млн шоттың иелері – алушылар, яғни, зейнеткерлік жасқа толғандар немесе заңнамада көрсетілген себептерге сәйкес зейнет жасына жетпестен зейнетақы тағайындауға өтініш бергендер.

2019 жылдың 5 айы ішінде зейнетақы төлемдері 93,4 млрд теңгені құрады. Оның ішінде жасына байланысты төлемдер – 37,9 млрд теңге, сақтандыру ұйымдарына жасалған аударымдар – 25,2 млрд теңге. Салыстырып қарайтын болсақ, былтырғы жылдың сәйкес кезеңінде Қордан 92 млрд теңге төленді. Оның ішінде сақтандыру ұйымдарына жасалған аударымдар – 7 млрд теңгені құрады.

Ай сайынғы кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы 20 897 теңге, ал ең жоғары сомасы – 514 666 теңге.

Жыл басынан бері салымшылар мен алушылардың шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 227 млрд теңгеге жетті. Зейнетақы жинақтарының табыстылығы соңғы 5 ай ішінде – 2,37 пайыз, ал инфляция – 2,4 пайыз болды. Сонымен қатар ағымдағы жылдың 1 маусымына қарай активтердің жылдық табыстылығы 10,6 пайызды, осы кезеңдегі инфляция 5,3 пайызды көрсетті. Яғни, табыстылықтың жылдық көрсеткіші инфляция деңгейінен екі есе жоғары.

Қор өз салымшыларына сапалы қызмет көрсетуге ерекше көңіл бөледі. Ағымдағы жылдың қаңтар-мамыр айлары аралығында кеңселерде және электронды түрде көрсетілген қызметтердің жалпы саны шамамен 8 млн бірлікті құрады. Олардың ішінде 74 мың қызмет – кәсіпорындар мен ұйымдарға және үйлерге барып көрсетілді. Қор кеңселерінде жүзеге асырылған қызметтер саны – шамамен 1,5 млн, ал электрондық форматта – 6,2 млн бірлікке жетті.

Ақпарат беру-түсіндіру жұмыстары аясында 13 мыңнан астам көшпелі таныстырылымдық шаралар өткізіліп, оған шамамен 400 мың адам қатысты.

Кері байланыс арналары арқылы салымшылар мен алушылардың 250 мыңнан астам өтініші өңделді.

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz